ӘОЖ 902 (4/9); 39(4/9)
ҒТАМР 03.41.91; 03.61.91
https://doi.org/10.52967/3007-6528.2024.2.152.158

Солтүстік Қазақстанның XVIII–XIX ғғ. қазақ қыстаулары мен қорымдарының ерекшеліктері

© 2024 ж. Ошанов О.Ж.

Keywords: *Kerey, Atygay, Uak, clan, Petropavl, Kyzylzhar, Kokshetau, Ishim, winterings, summerings, cemetery*
Ключевые слова: *керей, атыгай, уак, род, Петропавл, Кызылжар, Кокчетав, Ишим, зимовки, летовки, кладбище*
Түйін сөздер: *керей, атығай, уақ, ру, Петропавл, Қызылжар, Көкшетау, Есіл, қыстаулар, жайлаулар, зират*

O. Oshanov[1]
[1]*Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan*

Features of Kazakh wintering grounds and cemeteries of Northern Kazakhstan in the 18th–19th centuries

The article presents the results of ethnoarchaeological research conducted in the North Kazakhstan region in 2023. It provides information on Kazakh winter settlements and the specific features of their location. It was determined that wind direction plays a decisive role in the placement of wintering sites. Part of the article is devoted to archaic Kazakh cemeteries in the region. Some features of Kazakh cemeteries related to their structure and funeral rites will be considered.
Source of funding: The publication was carried out within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023–2024, project IRN BR18574223.
Citation: Oshanov O. 2024. Features of Kazakh wintering grounds and cemeteries of Northern Kazakhstan in the 18th–19th centuries. *Margulan readings–2024.* In 2 vol. Vol. 2. Pp. 152–158 (in Kazakh).

О.Ж. Ошанов[1]
[1]*Ә.Х. Марғұлан атынд. Археология институты, Алматы қ., Қазақстан*

Солтүстік Қазақстанның XVIII–XIX ғғ. қазақ қыстаулары мен қорымдарының ерекшеліктері

Мақалада 2023 жылы Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) аумағында атқарылған этноархеологиялық зерттеу нәтижелері берілген. Оның ішінде қазақ қыстаулары, олардың орналасу ерекшеліктері талқыланады. Қыстаулардың орналасуына жергілікті жердегі жел бағытының шешуші рөл атқарқандығы анықталады. Мақаланың едәуір бөлігі аймақтағы көне қазақ зираттарына арналған. Қазақ зираттарының өзіндік сипаты, құрылысы және жерлеу ғұрпына байланысты кейбір ерекшеліктері сөз болады.
Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023–2024 жж. бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде, ЖТН BR18574223 жобасы аясында даярланды.
Сілтеме: Ошанов О.Ж. 2024. Солтүстік Қазақстанның XVIII–XIX ғғ. қазақ қыстаулары мен қорымдарының ерекшеліктері. *Марғұлан оқулары–2024.* 2 том. 2-т. 152–158-бб.

О.Ж. Ошанов[1]
[1]*Институт археологии им. А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан*

Особенности казахских зимовок и кладбищ Северного Казахстана XVIII–XIX веков

В статье представлены результаты этноархеологических исследований, проведённых на территории Северо-Казахстанской области в 2023 г. В ней содержится информация о казахских зимовках, особенностях их расположения. Определено, что решающую роль в расположении мест зимовок играет направление ветров. Часть статьи посвящена архаичным казахским кладбищам региона; рассмотрены некоторые особенности казахских кладбищ, связанные с их устройством и с погребальным обрядом.
Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК 2023–2024, ИРН проекта BR18574223.
Цитирование: Ошанов О.Ж. 2024. Особенности казахских зимовок и кладбищ Северного Казахстана XVIII–XIX веков. *Маргулановские чтения–2024.* В 2-х т. Т. 1. С. 152–158 (на каз. яз.).

Кіріспе

2023 жылы жаз маусымында этноархеологиялық топ СҚО Шал ақын, Есіл, Жамбыл аудандарында, сонымен қоса Айыртау мен Тимирязев аудандарының кейбір бөліктерінде зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Зерттеу нәтижесінде аталмыш аудандардың негізгі көлемі өлкедегі (XX ғ. бас кезіне дейінгі) дәстүрлі қазақ қыстауларының аумағы екендігі анықталды.

Солтүстік Қазақстан өңірінің жер-су атауларында географиялық және жер бедеріне сәйкес өзіне тән ерекшеліктері бар. Негізі өңірге «жер-су» дегенге қарағанда «орман-су атаулары» деген дұрыс келеді. Сарыарқада дәстүрлі қыстау атаулары (ішкі аймақтарына байланысты) тау, сай, өзен бойы, қамыс-қопалармен сәйкес келсе, ал солтүстікте тоғайлармен байланысты келеді.

Есіл өзенінің екі қабағындағы және Қызылжар өңірінің солтүстігіндегі орман-тоғайлардың атаулары қазақ қыстаулары ретінде және онда мекендеген адам аттарымен сақталып қалған. Бұл қыстау атаулары бір жағы бізге мекен етуші адамдарға байланысты мерзімдік жіктерге бөлуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмыстары барысында тиісті мәліметтер жинақтау үшін жергілікті тұрғындармен сұрақ-жауап түрінде жұмыстар атқарылды. Даладағы ескерткіштермен (қыстау орындары, мешіт орындары, қорым, зираттар, көктастар және т.б.) қатар ауыл ішіндегі тұрғын-жай түрлері және ерекшеліктері қарастырылды. Далалық зерттеу кезінде этнографиялық және археологиялық барлау әдістемелері қолданылды.

Материалдарды сипаттау

XVIII ғ. тиесілі қыстауларға Аютас, Қаратал (Құлеке батыр, Шал ақынмен байланысты), Тышқан тоғайы (атығай Тышқан батыр), Айдана тоғайы (уақ Айдана батыр), Битен тоғайы (уақ Битен батыр) және т.б. тоғай атауларын келтіруге болады. Ал XIX ғ. және XX ғ. бас кезіне дейінгі қазақ қыстауларының атауын (тоғаймен бірге) есептеу мүмкін емес, ол өз алдына тұтас бір тізім және жеке кітапқа жүк боларлық дүние. Бір сөзбен айтқанда, «солтүстік ормандары – қазақтың тарихы мен шежіресі» деуге болады.

Солтүстік өңірде Алқағаш, Алқатерек деген тоғай атауларының өзі ескі қазақ қыстауларының орнын білдіреді. Қыстау салу барысында материалға тиісті ағаштарды үй салатын алқап есебінен алып, осылайша орналасатын жерлерін жартылай дөңгелектеп, тоғай ішіне ішкерілей орналасуға

тырысқаны байқалады (1-сур.). Осы себепті, яғни жан-жағынан «ай секілді» дөңгелене қоршаған тоғайлы қыстаулар жергілікті тілде «алқа», «алқа ағаш» атауларын тудырған. Яғни, «алқа ағаш» деп орман-тоғайлы жердің шығыс жағындағы ішке қарай иіле біткен тұсын айтады. Сондықтан жергілікті тұрғыннан естіген немесе картаға түскен «Алқағаш» деген атаулар тікелей қазақ қонысын нұсқаушы мәліметтер болып табылады. Сонымен бірге жергілікті халық осы тектес желден ық, таса жерлерді «ағаштың қалтасы» деп те айтады.

Солтүстікте қыстығүнгі жел негізінен батыс жақтан соғатындықтан, қыстаулар тоғайлардың шығыс жағында орналасқан. Жергілікті халықтың тілінде батыс бағыт «жел жақ» деп айтылады. Мысалы, «Көкшетаудың жел жағы», «Зерендінің жел жағы» және т.с.с. сөздер батысты білдіреді.


Нәтижелер

Қазақ қыстауларының маңында ауыл қорымдарының орналасатыны белгілі. Көне қазақ қорымдарына байланысты екі жайтты көрсетуге болады. *Біріншісі,* қазақ қыстауларының маңында, тоғай аралығындағы алқаптарда орын тепкен қорымдар. Қорымның бұл түрі керей мен уақ рулары мекендеген аймаққа тән келеді. Жарқын түрлері Сары мен Сүйір батырлар қорымы, Қожаберген жырау қорымы, Есперлі қорымы, Ұзынкөл (Дмитриевка) I, II қорымдары және т.б. Егін алқабында тегістеліп кеткен, тек арасында бірді-екілі көктастары сақталып қалған қорымдар да осыған жатады. *Екіншісі,* ашық немесе далалы (төбелі) жерлерде орын тепкен қорымдар. Бұл көбіне атығай руының өкілдеріне тән. Мысалы, Құлсары батыр қорымы (биік жотада), Жолымбет қорымы (төбе үстінде), Қаражар қорымы (өзен қабағы), Ақтөбе қорымы, Бұлақ ауылы қорымы және т.б. Бұл қорымдардың барлығы ескі қорым түрлеріне жатады. Қазіргі ауыл зираттары басқаша келеді.

Қорымның *екінші* түрінің ерекшелігі атығай руының XVIII ғ. екінші жартысында сырт аймақтан, яғни далалы жерлерден қоныс аударып келуімен байланысты болуы мүмкін. Керісінше керей мен уақ рулары өңірдің байырғы тұрғындары болып есептеледі. XIX ғ. аяғында Сібір және қазақ өлкесіне Ресейдің ішкі жағынан «қарашекпенділер» көптеп келіп қоныстана бастайды. Осыған байланысты жер пайдалану жөніндегі арнайы экспедициялар жұмыс істегені белгілі. Осындай экспедицияның бірі 1901 жылы Петропавл уезінде жұмыстар атқарады. Экспедиция барысында жергілікті қазақ руларының шежіресі, олардың өлкеге келіп қоныстануы жөнінде қосымша мәліметтер жинастырылады. Өлкеге келіп қоныстану жөнінде керей мен уақ руларының мәліметтері басқа рулармен салыстырғанда бірден ерекшеленеді. Өлкедегі атығай (арғын), күрлеуіт қанжығалы (арғын) және қыпшақ рулары өздерінің келіп қоныстанғаны жөнінде кейінгі уақыттарды көрсеткен. Керісінше, керей руының ішінен жазып алынған мәліметтерден олардың соңғы үш ғасыр ішінде өңірден ешқайда қозғалмағаны байқалады. Жер пайдалану экспедициясының жазып алған мәліметтері бойынша керейлер бір кездері бұл өңірлерді естектерден жаулап алған. Олардың айтуынша бабалары Смайыл естектерді ығыстырып шығарған. Шежірелік есеп бойынша Смайылдан бері 11 ата тараған. Яғни, зерттеушілер (жер телімін есепке алып жүрген комиссия мүшелері) бұл оқиғаның болғанына 250–300 жылдай уақыт өткен деп, XVII ғ. деп жобалайды [Материалы... 1908: 69].

Талқылау

Көне қорымдар негізінен қарапайым келген қабір үсті үйінділерінен тұрады. Бір кездері кейбірінің үстінде шымнан немес ағаштан тұрғызылған құрылыстар болуы мүмкін. Бұл үйінділер Палластың салған Кесене ескерткішінің төңірегіндегі қабірлерді елестетеді. Н. Рычковтың жазбасында Есіл өзенінің бойында ағаш құрылыстың үстіне қойылған тас мүсін және мәйіттің жауынгер болғанының белгісі ретінде найзаның сабы қадалып тұрғаны туралы мәліметтер ұшырасады [Дневные записки... 1772: 81]. Кейбір қабір үйінділерінде шымнан тұрғызылған құрылыстың



1-сур. Қазақ байына тиесілі қыстаудың жоспары ([Материалы 1902] бойынша)
Fig. 1. Plan of the wintering of a rich Kazakh – after – Materialy 1902
Рис. 1. План зимовки богатого казаха (по: [Материалы 1902])

орындары білінеді. Кейбіреулері екі адам сыятындай көлемді келеді. Негізі қорымдардың көпшілігінде арабша жазуы бар көктастар болған. Өкінішке орай, көбі бүгін орнында жоқ. Тек кейбірінде ғана бірді-екілі сақталған. Бұл жағынан алғанда Есперлі қорымы көзге түседі. Онда 17 көктас сақталып қалған (2-сур.).

Әдетте қорымдар жеке тұрған жалғыз обаның шығыс және оңтүстік жағын ала орналасады. Жеке тұрған обалар Сары мен Сүйір, Есперлі, Ұзынкөл (Дмитриевка) I, II қорымдарында кездеседі. Жеке обаның сырт пішіні ерте сақ кезеңінің обасын қайталайды. Дегенмен осы қазақ қорымдарының батыс шетінде тұрған жеке обалар мерзімделуі жағынан үлкен сұрақ тудырады (алдыңғы жазбаларымда бұл обаларды сақтардікі деп түйіндеген болатынмын). Оба үю дәстүрі қазақтарда бертінге дейін болған. Мысалға, Торғайда қыпшақ Қошқар батыр әкесі Даудың басына оба үйдірген. Оба үйдіргені осы жұмыс барысындағы елдің сөзінен аңғарылады. Жиылған ел оба үйуден шаршасада Қошқардың қабағына қарап үнсіз жұмыстарын істей береді. Сонда құрдастары: «Ау батыр, Наурызым көрінді ғой енді, обаны көтеруді тоқтатсақ қайтеді» депті. Сонда ғана Қошқар елдің шаршағанын түсініп құрылысты тоқтатыпты деп айтады [Байділдин 2010: 191]. Бұл Қошқар Кенесарының көтерілісіне қатысқан адам.

Наурызым – Есілмен іргелес өлке. Сондықтан оба үю салты бұл аймақтарда XIX ғ. дейін сақталып келгенін көрсетеді. Сары мен Сүйір батырлардың моласы ретінде тікелей жеке тұрған, биіктігі 3–3,5 м болатын обаны көрсетеді. Есперлі қорымы да осы негіздес. Есперлінің моласы деп нұсқамаса да, жеке оба онымен байланысты болуы мүмкін. Өйткені Есперлі де XVIII ғ. уақ руынан шыққан батырлардың бірі.



2-сур. Есперлі қорымы. Фотосурет: О.Ж. Ошановтікі
Fig. 2. Esperli Cemetery. Photo: O. Oshanov
Рис. 2. Кладбище Есперли. Фото: О.Ж. Ошанов

Солтүстік өңір қазақтарының қабір құрылысында да өзіндік ерекшеліктер бар. Бұл жағынан алғанда өңірдің жерлеу дәстүрі Кесене (Челябинск облысы) ескерткіші жанынан қазылған қабір құрылыстарымен ұқсас келеді. Кесене өз басы XIV ғ. ескерткіші болғанымен, оның төңірегіне жерлеу кейінгі уақытқа дейін жалғасып келген. Кейбір қабір құрылыстары лақаттық (подбой) түрге жатады және қабірдің беті ағаштармен жабылған [Боталов, Маламуд 2001: 163]. Солтүстік қазақтар арасында қабірдің лақаттық жерлеу түрі кең таралған. Жергілікті тілде «лақыт»* (*Қазақстанның басқа өңірлерінде, мысалы, Ұлытау жағында «лақат» деп атайды) деп атайды. Қабірді жабуда «бетағаш» пайдаланады. Лақатты қабірдің төмен жағында бүйірлей қазу арқылы жасайды. Лақатты қазудың екі түрі бар. Ер адамның лақатын тек бір иығы сыятындай етіп қана бүйірлейді. Ал әйел адамдікін толық сыятындай етіп ойып жасайды. *«Әйел адам лақытта көрінбеуі керек»* (I).

XIX ғасырда *бетағаш* орнына қабір ішін бастан-аяқ жылқының қылымен толтырып шыққан жайттар да кездеседі. Мысалы, Тұрыпберлі қорымындағы (Балуан ауылы маңайы) қабірлердің іші жылқы қылымен толтырылған (II). Тұрыпберлі осы өлкеде жылқысының көптігімен аты шыққан қазақ байларының бірі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, 2023 жылы СҚО атқарылған зерттеулер өңірдің тарихына, этнографиясына байланысты тың мәліметтер жинақтауға мүмкіндік берді. Қазақ қыстауларының жергілікті қоршаған табиғат аясына сай қалыптасқан өзіндік сипаттары және қорым, зираттары өңірді қазақ жерінің басқа аймақтарынан өзгешелендіріп тұрады әрі айқын көзге түседі.

Солтүстік орман-тоғайлары дәстүрлі қазақ қыстауларының көрсеткіші десек, ал олардың (орман-тоғайдың) атаулары өлкедегі қазақ руларының шежіресі және тарихы деуге болады.

Әрине, бір ғана маусымдық зерттеумен өңірдің тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыптарын егжей-тегжейлі сипаттау мүмкін емес. Ол көпжылдық зерттеуді қажет ететін дүние. Солтүстік өңір қазақтарының қыстаулары мен қорымдары, сонымен қатар метеорологиялық танымдары, маусымдық көші-қон жолдары және т.б. этноархеологиялық зерттеулер алда жоспарланған экспедициялық зерттеулер барысында өз нәтижелерін береді деп сенеміз.

Ақпарат бергендер

I Қасымов Қайролла. 1933 ж.т. – СҚО, Шал ақын ауданы, Ибраев ауылы.

II Бірімжанов Балғабай. 1973 ж.т. – СҚО, Шал ақын ауданы, Семиполка ауылы.

ӘДЕБИЕТ

1 *Байділдин Ш.* Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым. Астана, 2010. 371 б.

2 *Боталов С.Г., Маламуд Г.Я.* Погребальный комплекс Кесене // Уфимский археологический вестник. 2001. Вып. 3. С. 162–166.

3 Дневные записки путешествия капитана Н. Рычкова в киргиз-кайсацкой степи 1771 году. СПб.: Императорская академия наук, 1772. 105 с.

4 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Омский уезд. Т. XI. Омск, 1902. 359 с.

5 Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. Петропавловский уезд. Т. XII. Чернигов, 1908. 405 с.

REFERENCES

1 Baydildin, Sh. 2010. *Sanawli gumirimdagi sanali oylarim (My conscious thoughts in my limited life).* Astana (in Kazakh).

2 Botalov, S. G., Malamud, G. Ya. 2001. In *Ufimskii arkheologicheskii vestnik (Ufa archaeological herald)* 3, 162–166 (in Russian).

3 *Dnevnyye zapiski puteshestviya kapitana N. Rychkova v Kirgiz-kaysatskoy stepi 1771 godu (Day notes of the voyage of captain N. Rychkov in the Kirgis-Kaisak steppe in 1771).* 1772. St. Petersburg: Tipografiya Imperatorskoy Akademii nauk (in Russian).
4 *Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannyye i razrabotannyye ekspeditsiyey po issledovaniyu stepnykh oblastey. Akmolinskaya oblast'. Omskiy uyezd (Materials on Kyrgyz land use collected and developed by an expedition to study the steppe regions. Akmola region. Omsk district).* Vol. 11. Omsk, 1902 (in Russian).
5 *Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu, sobrannyye i razrabotannyye ekspeditsiyey po issledovaniyu stepnykh oblastey. Akmolinskaya oblast'. Petropavlovskiy uyezd (Materials on Kyrgyz land use collected and developed by an expedition to study the steppe regions. Akmola region. Petropavlovsk district)*. Vol. 12. Chernigov, 1908 (in Russian).

About the Author

Oshanov Orynbay – Senior Researcher, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0009-0002-4051-9598 E-mail: dadan_@mail.ru

Автор туралы мәліметтер

Ошанов Орынбай Жаңабайұлы – аға ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

Сведения об авторе

Ошанов Орынбай Жанабайулы – старший научный сотрудник, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 01.04.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 01.05.2024.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. /
The authors have made an equal contribution to the work.